

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999. - 237 б.
2. ШҚО. ҚЗ ТҚО. 1-қор, 1-тізбе, 1527-іс, 67-77 п.
3. Бөкейханов Ә. Шығармалары. - Алматы: Қазақстан, 1994. - 372 б.
4. ҚРОМА. Қ-1398. 1-тізбе. 224-іс. 5-12 п.
5. Қазақ тілінің еңбек ерлері // Қазақ тілі. - 1924, желтоқсан-5.
6. Мәннан (Тұрғанбаев) Ұмытпадым. // Қазақ тілі. - 1922, қараша - 31. - №87.
7. ШҚО. ҚЗ ТҚО. 72-қор, 1-тізбе, 73-іс, 242 п.
8. Тәбәрікұлы С. Қайран, Мәннан. - Алматы: Қазақстан ҒМО баспасы, 2002. 15 б.
9. Мәннан Тұрғанбаев. Ашаршылықпен күресу // Қазақ тілі. 1921, қыркүйек. - №140.
10. Мәннан Тұрғанбаев Стамбул-Түрікке. // Қазақ тілі. 1922, қазан - 28. - №86.

## САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ӘЙЕЛДЕР

**Сайлаубаева Н.Е., Жомартова Г.Б.**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана қаласындағы № 25 орта мектеп

Қазақ тарихында ұрпақтар ұмытпайтын, өшпес есімдер саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандары. Өйткені, саяси қуғын-сүргін салдарынан қазақ халқындай көп қырылып, жаппай қуғындалып, аяусыз атылған халық жер бетінде кемде-кем.

Репрессия-латын тілінен аударғанда repressio-басып-жаншу деген мағына береді. Яғни, бүтіндей жою, басып-жаншу мақсатында жүргізілетін жазалау шаралары. Үкімет басшыларының заң орындары арқылы өз халқын, оның жекелеген өкілдерін қуғынға ұшыратып, жазалау шаралары.

Қазақстандағы тұңғыш репрессия 1928 жылдан басталды. Өйткені 1925 жылы Қазақстан өлкелік партия комитетінің 1-ші хатшысы болып келген Ф.И.Голощекин республиканың саяси-экономикалық және әлеуеттік жағдайымен танысқаннан кейін «Қазақстанға Ұлы Қазан революциясының ешқандай ықпалы болмады. Сондықтан «Кіші Қазан» революциясын жасау керек» деген теріс тұжырымға келіп, республикада репрессиялық шаралар жүргізе бастайды.

Саяси-қуғын сүргін жылдарының зобалаңы елі үшін жанын қиған қазақ зиялыларының өмірлерін қыршынан қиып жіберсе, ал олардың обасына, әйеліне, балаларына өте ауыр соққы болып тиді. Бұл оқиға олардың жүрегінде сыз қалдырды. Аяулы жарлары-әйелдері «халық жаулары» болып кеткен күйеулері үшін жауапкершілікке тартылып, нақақсыз жапа шекті.

Тұтқында болған танымал тұлғалардың әйелдері «АЛЖИР» лагерінде жазықысыз жазасын өтеді. А.Л.Ж.И.Р. орыс тілінде Акмолинский Лагерь Жән Изменников Родины - Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагері болған. Сонау 1937-ші жылы ПХК-ның арнайы бұйрығымен салынған Ақмола халық жаулары әйелдерінің лагері, кейін баршаның аузында АЛЖИР аталып кеткен азап орталығына айналған. Мұнда 20 мыңға жуық

зұламат зобалаңына ұшыраған қазақтың біртуар азаматарының әйелдері қамауда болған. Қарағанды лагерінің 17-ші бөлімшесінің артынан 26-шы нүкте болып құрылған осынау тозақ орталығында қазақ зиялыларының зайыптары, қыздары мен қарындастары жазықсыздан-жазықсыз жапа шекті [1]. Аталмыш лагерде тұтқында болған қазақ зиялыларының әйелдерінің қолданған жеке заттары мұражайда сақаталған. Қасіретті ұиын жағдай осы лагерде тұтқындағы бойына нәресте біткен әйел балаларына қайырым болмады. Соның салдарынан темір тордың ар жағында 1 мың 507 нәресте дүниеге келсе, олардың басым көпшілігі аштық пен суықтың кесірінен дүниеден өтті. Атап айтқанда, Қарағанды лагері «Карлаг» 26 бөлімшесі ретінде қазіргі Астана қаласының оңтүстік батысында, Төңкеріс (Малиновка) елді мекенінде орналасқан. Ол КСРО Ішкі Істер Халық Комиссариатының (НКВД) 1937 жылы 5-ші тамыздағы 00486 бұйрығы негізінде құрылған болатын. Жазықсыз жапа шеккендерге деген жаза аса қатігездікпен орындалып, шектен шықты. Мәселен, КСРО ОАК-нің 1934 жылы 8-ші маусымындағы қаулысына сәйкес «отанын сатқандардың» отбасы мүшелеріне 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе 5 жылға Сібірдің аудандарына жер аудару жазасы берілген болатын. Ал, аты шулы Алжир лагері ауқымы 30 мыңға жерді алып жатты. Бұл лагердің Қарағанды, Ақмола өңірінде бірнеше бөлімшелері болды. Алжирде жазықсыз жабылған тұтқындар бос жатқызбады. Оларға егін ектірді, мал бақтырды, құрылыс жұмыстарына салды.

Ұлы Отан соғысы жылдары Алжирде 8 мыңнан астам тұтқын әйел болды. Лагерде КСРО мемлекет басшыларының, әскери қолбасшылардың әйелдері мен жақын туыстары, Қазақстан басшы қызметкерлерінің әйелдері мен балалары, жақын туыстары қамауда болып, нақақтан нақақ жазаланды. Бұл лагерде қазақтың көрнекті ақын-жазуышлары С.Сейфуллиннің әйелі Гүлбахрам, Б.Майлиннің әйелі Күнжамал, Т.Рысқұловтың әйелі Күлөндам, С.Мендешовтың әйелі Рәзия, Т.Жүргеновтың әйелі Дәмеш, С.Асфендияровтың әйелі Рабиға Майнұр Сармолдаева, М.Н. Тухачевская, А.С. Енукидзең әйелі мен қызы және тағы басқа көптеген қазақ зиялыларының әйелдері, аяулы аналары жазықсыз жазасын өтеуге мәжбүр болды. Зұламат жылдары азамат отбасынан, әйел ерінен, ана баласынан, бала ата-анасынан айырылды.

Лагерге анасымен түскен сәбилер 2-3 жасқа жеткен соң аналарынан айырылып алынып, балалар үйлерінің тәрбиесіне берілді. Алжир 1950 жылдың басында таратылып, оның тұтқындары басқа лагерге ауыстырылды. Ал мерзімін өтегендер босатылған. Бірақ 1956-1957 жылдары саяси репрессия құрбандары ақталғанымен кейін олардың көпшілігі тұрған жерлеріне қайтып оралуға құқы болмады. Талай адамның тағдырын тәлкекке салған Алжир туралы 80-жылдардың соңында ғана ашық айтылып, жазыла бастады. Ол жөнінде деректі «АЛЖИР» фильмі түсіріліп, әйелдердің аянышты өмірі бейнеленген «Кебенек киген арулар» пьесасы жазылған [2].

Алжир лагеріндегі азапты жылдарын өткізген Жанбике Шанина,

жазықсыз жапа шекеседе өлең жазумен айналысқан Күләндам Қожанова, Мағжан Жұмабаев өлеңдерімен тұтқын әйелдерге үміт ұялатқан Мәриям Есенберлина, 8 жыл бойы Алжир мен Нижний Тагил лагерінде тұтқында жүрседе адам өміріне араша түсіп, науқастарға дем берген дәрігер Дәмеш Жүргенова, бес баласынан айырылып жүрегі қан жыласада қапа болып жүрген көпке көмек қолын созған Күнжамал Майлиналардың адамдық болмысы кейінгі ұрпақ үлгі-өнеге. Өйткені, жандары қанша азап шекседе адамдық негізі әйел екенін тас қамауда жүріп таныта түсті. Даналық мінез бен ізгі қасиеттерді жия білген Гүлбахрам Сейфуллина, Мәриям Тоғжанова, Рәзия Мендешева, Әзиза Рысқұлова, Рабиға Аспандиярова, Бибіжамал Сырғабекова, Айша Қабылова және тағы басқалары ежелден қалыптасқан ақыл-парасатына ерлігі сай қазақ әйелінің болмысын тағы бір мәрте көрсете білді. Зұламат салдарынан қаншама қазақтың азаматы аяулы жарынан айырылды. Жазықсыз жандардың зәбір көрсеткен кешегі солақай саясаттың қолшоқпарлары қолынан Телжан Шонановтың жұбайы Шахзада Шонанова мерт болды. Осындай Сондай-ақ түркі халық партиясы дегенді құрдындар деп айыпталғандардың қатарында Ғанижамал Қабдалиева 1937–1947 жылдары Сібірге айдауда болды [3].

Бүгінде 2007 жылы Ақмола облысына қарасты Целиноград ауданының орталығы Ақмол ауылында Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей бастамасымен «АЛЖИР» саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандары мұражай-мемориалдық кешені ашылған болатын.

Қазіргі таңда айтулы мемориалдық кешен «Қайғы қақпасы» монументі, «Күрес пен үміт» және «Ашыну мен дәрменсіздік» тәрізді екі мүсіндік композициядан, сонымен бірге «Еске алу қабырғасынан» құралған. Мұражайдың жәдігерлері өзінің материалдық құжаттарымен саяси қуғын тарихын, жазалау институттарының әс-әрекет ету тетіктерін таныта түседі.

Бұл лагерде КСРО мемлекет басшыларының, әскери қолбасшылардың әйелдері мен жақын туыстары, Қазақстан басшы қызметкерлерінің әйелдері мен балалары, жақын туыстары жазықсыздан жапа шеккен. Мәселен, тарихтан мәлім маршал М.Н. Тухачевскийдің қарындасы Е.Н. Тухачевская, А.С. Енукидзенің әйелі мен қызы, С.Сейфуллиннің әйелі Гүлбахрам, Б.Майлиннің әйелі Күнжамал, Т.Рысқұловтың әйелі Әзиза, С.Қожановтың әйелі Күләндам, С.Мендешевтің әйелі Рәзия, Т.Жүргеновтың әйелі Дәмеш, Н.Нұрмақовтың әйелі Зүпнұн, С.Аспандияровтың әйелі Рабиға, Майнұр Сарымолдаева, Елизавета Садуақасова, Мария Есқараева, Мәриям Тоғжанова, Әйіш Құлымбетова, Бибіжамал Сырғабекова, Сағадат Таштитова, Шәкітай Тәгімова, Айша Қабылова, Кира Нұрмағамбетова (лагерьде атылды), Жанбике Шанина, Хадиша Мусина, Сақыпжамал Назарова (Зарап Темірбековтың әйелі), Уәзипа Күленова, Мағрипа Рүстемова, Әсма Шоманова, Зағипа Тінәлина, Баршын Қалменова, Мәдина Оразова, Мәрияш Есенгелдина т.б. көптеген қазақ зиялыларының әйелдері, абзал аналар солақай саясат салдарынан жазықсыз жазаларын өтеді. Аталған лагерьге анасымен бірге түскен сәбилер 2-3 жасқа келен соң аналарынан айырып алынып, балалар үйлерінің тәрбиесіне берілетін болған. Ал, лагерь 1950

жылдың басында таратылып, оның тұтқындары басқа лагерьлерге ауыстырылса, қалғандары жер аударылса, мерзімін өтегендер босатылды. Бірақ 1956 -1957 жылдары саяси репрессия құрбандары ақтала бастағанға дейін олардың басым көпшілігі өздерінің бұрынғы тұрған жерлеріне қайтып оралуға құқы болмағаны мәліметерден белгілі. Талай жандардың жанын алған, жазасын өтеген Алжир туралы тек 20 ғасырдың 80-жылдарының соңында ғана ашық айтылып, жазыла бастады. Ол жөнінде деректі «АЛЖИР» фильмі түсіріп, «Кебенек киген арулар» пьесасы жазылған болатын.

Жәдігерлердің жеке бір бөлігі «АЛЖИР» тұтқындарының балаларына арналуы орынды. Ол туралы жоғарыда айтылды. Бейкүнә сәбилерде аналарымен бірге жапа шекті. Сол жылдардағы тергеушінің кабинеті өзінің сұрқымен адам денесі түршігетіндей кейіпте. Шағын жертөлелердегі тұрмыс көрінісі, тұтқынға алынғандардың жеке заттары, қуғын-сүргін құрбандары балаларының хаттары мұражайда орналасқан.

Жалпы қуғын-сүргін жылдарының алғашқы ескерткіші осыдан жиырма жыл бұрын Малиновка, қазіргі Ақмол ауылындағы құс фабрикасының қарапайым қызметкері Любовь Егоровна Дроботаның тікелей араласуымен жасалған «Қақ айырылған жұлдыз» кешенінен бастау алатынын айта кетуіміз керек. Қазақстан жерінде жазықсыз жазаға ұшырағандарға арналған лагерьлер қатарына Карлаг (Қарағанды еңбекпен түзеу лагері), Степлаг, ЧСИР – отанға опасыздық жасағандар отбасыларының мүшелеріне арналған лагерлер болып табылдады. Кейіннен ол «Алжир» - халық жаулары әйелдерінің Ақмола лагері болды. «Алжирде» репрессия құрбандарының әйелдері, аналары, қыздары азап күндерін өткізді.

Зұламат құрбанына ұшыраған әйелдердің аянышты тағдырлары кімді болса да бейжай қалдырмайды. Сонау 1937-ші жылы НКВД-ның арнайы бұйрығымен салынған Ақмола халық жаулары әйелдерінің лагері он бес жылға жуық тозағы ісетес болған. Сол уақыт аралығында бұл жерде 20 мың нәзік жандыларды қинауда ұстаған екен. Темір тордың ар жағында 1 мың 507 нәресте дүниеге келіп, олардың басым көпшілігі аштық пен суықтың құрбаны болды.

Сталиндік репрессия кезінде қазақ халқының басшылық қызметтегі азаматтары мен қоғам-қайраткерлері болып жүрген бір туар азаматтары және, ақын жазушыларының аналары, жарлары, балалары жазасын өтеді. Осынау саяси репрессияның зауалы халқымыза аса ауыр да қайғы-қасірет әкелді.

Қорыта

айтқанда Тәуелсіз Қазақстанда 1998 жылы «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» деп жарияланып, ашаршылық, репрессия жылдары туралы бұқаралық ақпарат құралдарында көптеген мақалалар жарияланып, игі шаралар ұйымдастырылды, тоталитарлық идеология әшкереленді. 1990 жылдың 13 тамызы күні Кеңес Одағының тұңғыш әрі соңғы президенті Михаил Горбачев Сталиндік қуғын-сүргін құрбандары болған миллиондаған адамдарды ақтау туралы жарлық берді. Сталиндік репрессия зобалаңы 1937-38 жылдары өзінің шырқау шыңына жеткен болатын, бұл кезеңді бүгінде ұлы зұлмат-

зобалаң жылдары деп атайды. «Азаттық» радиосы осы террор кезеңіне арналған бірнеше бөліктен тұратын сериялы хабарларында Сталиндік репрессия саясатының құрбандарына айналған отбасылардың тағдырлары жайында сөз етеді. Ол кезде сталиндік үлкен террордың қаралы жалыны шарпымаған ешкім қалмаған еді. Зұлмат Кеңес одағының құрамындағы барлық елді, барша ұлт пен ұлысты, түрлі жастағы азаматтардың бәрін де қамтыған болатын. Бұрынғы Кеңес одағының құрамында болған елдер өз құпия мұрағаттарын ашып жатқандықтан құрбандарды ақтау процесі баяу болса да жүруде. Ал миллиондаған адамның тағдырына өзінің жарасын салған сталиндік зұлмат жылдары олардың естерінен ешқашан ұмытылмайды. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әйел мәртебесінің биіктігі ең алдымен әйелдердің құрметтелуінен, екіншіден – құқық берілуінен, үшіншіден қорғалуынан танылады. Анаға құрмет, жарға жанашырлық, қызға қамқорлық-иманға ұйыған ұлтымыздың басты ұстанымдарының бірі болды. Өз болмысына даналық мінез бен ізгі қасиеттерді жия білуі қазақ әйелін құрметті етті. Ол құрметке лайық болды және құрметтелді де.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қойгелдиев М. Зұлматқа ұрындырған жол. // Егемен Қазақстан. 1992. 22 маусым.
2. Тасымбеков А., Жан даусы, АЛЖИР архипелагы, А., 1994; Дильманов С., Кузнецова Е., КарЛАГ, Ф., 1997.
3. Дүкенбаева З. XX ғасырдың 20–40 жылдарындағы ұлт зиялылары: Оқу құралы. Павлодар, 2008, 167–168 бб.
4. Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006. 515 б.

### **ҮЗІЛГЕН ЖЫРДЫҢ ІЗІМЕН...**

#### **Сейдахмет Қ.**

*Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қостанай қ.*

Өткен ғасырдың 30-жылдарында орын алған сталиндік зобалаңның алты алаштың талай арыс ұлдарының тағдырына қара күйе болып жабысып, заманының құйынына емендей қайыспай қарсы тұрған талай ерлердің өмірінің өкінішті жағдайда оқыстан үзілгендігі белгілі. 1937-1950 жылдар аралығында Қазақстанда саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар мен сотталғандардың саны 150 мың адамға жеткен екен. Солардың бірі-XX-ғасырдың бас кезінде Торғай өңірінің талантты ақын-жырауларының бірі болған Ақыш Аймағанбетұлы еді.

«Ақыш Аймағанбетұлы кім болған?» деген сұраққа жауап іздесек, Ақыш ақын қазақтың талай марқасқа ұлдарының кіндік қаны тамған қасиетті Торғай өлкесінің Шұбалаң аулында 1893-жылы дүниеге келіпті. Жастайынан әншілік өнерге талаптанып, ат тұяғы жетер аймақтағы ойын-тойдың көркі болған Ақыш көркем сөздің додасы айтыстарға да жиі қатынасқанға ұқсайды. Ал сол кезеңде атақтары Торғай өлкесіне жақсы таныс болған Әбіқай Нұртазаұлы, Күдері Жолдыбайұлы Уақ Жұмабай, Есенжол жырау